

«Айналайын» бөбекжай» МКҚК-ның
кіші қызметкерлер жиналысына хаттамасы

2024 ж. «26» ақпан

№ _____

Индербор кенті

ҚАТЫСҚАНДАР:

1. А.Р.Макашева – ембике
2. С.Қ.Конырова – ембике
3. Кіші қызметкерлер- 15 адам

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Бұйрықтармен таныстыру.

1. ТЫНДАЛДЫ:

Осы мәселе бойынша медбике А.Макашева Мектепке дейінгі ұйымдарда жұмыс жасау жөнінде 2021 жылғы 9 шілдедегі № ҚР ДСМ- 59 бұйрығымен таныстырды.

Осы Санитариялық қағидалар МДҰ және сәбилер үйлеріне (бұдан әрі – объектілер) қолданылады.

"Рұқсаттар және хабарламалар туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 16 мамырдағы Заңында көзделген рұқсат беру құжаттары болған кезде объектіні пайдалануға жол беріледі.

Объектілерде осы Санитариялық қағидаларға сәйкес зертханалық-құрал-саймандық зерттеулер жүргізіледі.

Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады


- 1) арнайы санитариялық киім (бұдан әрі – арнайы киім) – шикізатты, қосымша материалдарды және дайын өнімді механикалық бөлшектермен, микроорганизмдермен ластанудан және басқа да ластанулардан қорғауға арналған персоналдың қорғаныш киімінің жиынтығы;
- 2) балалардың ойын алаңы (бұдан әрі – ойын алаңы) – жабдықты және балалардың ойын алаңына арналған жабынды қамтитын балалардың ойынына арналған арнайы жабдықталған аумақ;
- 3) балалардың ойын алаңдарына арналған жабдық – пайдаланушылар онымен немесе онда жеке немесе топпен өздерінің қалауы және қағидалары бойынша ойнау алатын балалардың ойын алаңында орнатылған жабдық;
- 4) балалар толық емес уақыт болатын МДҰ – тамақтандыруды және ұйқыны ұйымдастырмай, төрт сағаттан аспайтын уақытқа балалар болатын МДҰ;
- 5) бракераж – органолептикалық көрсеткіштері бойынша тамақ өнімдерінің және дайын тағамдардың сапасын бағалау;
- 6) дене тәрбиесі – дені сау, дене бітімі және рухани жағынан жетілген өскелең ұрпақты қалыптастыруға бағытталған педагогикалық процесс;

7) жеке медициналық кітапша – жұмысқа жіберілу туралы белгі қойылып, міндетті медициналық қарап-тексерудің нәтижелері енгізілетін дербес құжат;


8) изолятор – инфекциялық науқастарды, сондай-ақ айналасындағыларға эпидемиялық қауіп төндіретін инфекциялық ауруға күдікті адамдарды уақытша орналастыруға арналған үй-жай;

Қызметкерлер тарапынан сұрақ қойылып, мамандар тарапынан жауап берілді.

ШЕШІМІ: №59 бұйрықты негізге ала отырып жұмыс жасау.

Медбике:  А.Макашева

Медбике:  С.Коньрова

Хатшы:  Ж.Жусупова